



Бекітемін: _____
Мектеп директоры: Л.Ш.Урекешова
« 28 » _____ 2023ж.

Келісемін: _____
Мектеп директорының тәрбие ісі
жөніндегі орынбасары Мустафина А.А.
« 28 » 08 2024ж.

Кәсіби бағдар жұмыс жоспары 2023-2024 оқу жылы

Кәсіби бағдар жетекшісі: Кузбаева Э.Б.

Мектептегі кәсіби бағдар беру жұмыстары: мазмұны мен ынталандыру әдістері

Әлемдік білім беру кеңістігіне бағытталған білім берудің негізгі мақсаты білімді меңгеріп қана қоймай, білік пен дағды арқылы дербестік, ізденімпаздық, дені сау, өзгермелі жағдайда білімді де білікті жасөспірімдерді жан-жақты жеке тұлға ретінде даярлау. Осы мақсаттарды іске асыруда бүгінгі мектеп оқушыларына қойылып отырған мәселелер күн сайын талаптануда. Өйткені келешек қоғамымыздың басты тұлғасы бүгінгі мектеп оқушылары. Сондықтан мектепте берілетін кәсіби бағдар жұмыстарының бүгінгі күні маңызы зор болып табылады. Жалпы білімнің басты үш міндеті бар олар: баланың өзіндік жалпы дамуын, жан-жақты дүниетанымын қамтамасыз ету, және оны болашақ белгілі бір кәсіпке даярлау. Осы үш міндеттің ішінде қоғамдық даму күрделенген сайын баланы жастай алдағы кәсіпке бағдарлай әзірлеу – ең көкейкесті мәселеге айналып отырғаны дәлелденді. Қазіргі кезеңде жалпы білімнің міндеті – баланың жалпылама дамуын қамтамасыз ету ғана емес, ең бастысы оларды жастай өз қабілеті мен қызығуына қарай белгілі бір мамандыққа арнайы бағыттай білу. Кәсіпке баулу – бұл әрбір жеке тұлғаның ерекшеліктерін және халық шаруашылығына, жеке салаларға қажетті сұранысы бар мамандықтарды ескере отырып жастарды еркін және өзіндік мамандық таңдауға дайындаудың ғылыми негізделген жүйесі. Кәсіби бағдар беру — жас ұрпақты өзіне ұнаған тиісті мамандықты саналы талдап алуға дайындауға бағытталған іс-әрекеті. Кәсіби бағдар беру арқылы оқушыларды мамандықтар әлемінде, олардың мазмұны, ерекшеліктері, жеке тұлғаға қоятын талаптарын өз бойындағы қасиеттерімен ұштастырып, өндіріс, шаруашылық салаларының даму міндеттеріне, оның нарықтық экономика жағдайындағы рөліне сай саналы таңдалып алынған мамандыққа мүдделілігін тәрбиелеуді қажет етеді. Мамандықты саналы таңдауда адамның қабілеттілігінің қалыптасуының да үлкен маңызы бар. Ол адамның психологиялық санасының қалыптасуына байланысты. Олар: қабілеттілік, қызығушылық, бағыттың құндылығы, кәсіптік жоспар, идеялы, сенімі, т.б. Мамандық туралы жеткіліксіз білу — мамандық таңдауда кездейсоқтыққа әкеліп соқтырады. Мамандық таңдауда қателесу сайып келгенде, таңдаған мамандығын жек көріп, жұмыс орнын жиі өзгертуге себепші болады. Мектептегі кәсіптік бағдар беру жұмысының негізгі міндеттері төмендегідей:

- оқушыларды көпшілік мамандықтар туралы түсінікпен қаруландыру;
- кәсіптік қызығуы мен бейімділігін, қабілеттілігін қалыптастыру және дамыту мақсатында оқушылардың дара ерекшеліктерін зерттеу;
- мектеп бітірушілерге мамандық таңдауға көмектесу;
- оқушыларды белгілі мамандықтың түрін меңгеруге бейімдеу.

Бүгінгі күні мектеп оқушыларына кәсіби бағдар беру жұмыстары қайтадан жандана бастады. Біз жоғарыда атап өтілген кезеңдерді талдай отырып, кәсіби бағдар беру жұмыстарының маңызын үлкен сұранысқа ие болуда деп білеміз.

Мақсаты:

оқушыларға өзінің қабілетін, белгілі бір кәсіптік салаға бейімділігін анықтауына, соның негізінде жоғары буында оқу бағдарын дұрыс таңдауына көмек беру;

Міндеттері:

-оқушыларға мамандықтар әлемі туралы біртұтас мағлұмат беру,

-оқушылардың өз қызығушылығын,

-бейінін,

- қабілетін анықтауы үшін арнайы сауалнамалар жүргізу,

- кәсіптер

-бойынша адам қасиеттерінің ерекшелігімен таныстыру,

-оқушының өзінің танымдық және жеке бас ерекшеліктері мен таңдаған кәсіптік саласына қажет кәсіби сипаттамаларды ұштастыра отырып, кәсіби жолын анықтауына жағдай туғызу;

Күтілетін нәтиже: *оқушының өзінің табиғи әлеуеті мен танымдық мүмкіндігін тануы, жеке танымдық қорытынды мен ішкі қажеттіліктері негізінде кәсіби бағдарлану жолын анықтауы;*

Кәсіптік бағдар беру бойынша оқу жылына жоспар

Мақсаты: Мектеп оқушыларының қызығушылықтары мен еңбек нарығындағы сұраныстар негізінде кәсіби бағдар беру жұмысының тиімді жүйесін құру. Оқушыларды, ата-аналарды мамандық бойынша керекті мәліметтер және ақпараттармен қамтамасыз ету.

Міндеттері:

- Оқушыларға ақыл-кеңес беріп, кәсіби таңдауларына сәйкес жеке психофизиологиялық ерекшеліктерін ескеріп, денсаулықтарына байланысты, аймақтағы мамандарға сұрастың қажеттілігін негізге алып мамандық таңдау жұмыстарын ұйымдастыру;
- Кәсіби білім беру аясында әлеуметтік серіктестікті дамыту;
- Кәсіби білім беруде мекемелерімен бірлесіп бағыт беру алдындағы, кәсіби бағыт беру жұмыстарын ұйымдастыру;
- Химия, биология, физика, математика, қоғамтану пәндерінен бағыт бойынша топтық тапсырмасын орындау;
- Кәсіби бағдар беруді оқу бағдарламасына, оқу-тәрбие үдерісіне енгізу.

Іс-шаралар	Мерзімі	Жауаптылар	Есеп түрі
Педагог мамандармен жұмыс			
Кәсіптік бағдар беру кеңесін құру	қыркүйек	мектеп директоры	бұйрық
Мұғалімдерді кәсіптік бағыт-бағдар берудегі нұсқау, бұйрық, шешімдермен таныстыру	қыркүйек		Хаттама
Мектептегі оқушыларының кәсіби бағдар беру жұмысын талдау және тексеру.	жыл бойы	Директордың тәрбие ісінің меңгерушісі	
Мектептегі оқушыларының кәсіби бағдар берудегі қалалық өндіріс пен әрекеттестігі (кездесу және экскурсия)		Әлеуметтік мұғалім	
Сыныптағы кәсіби бағдар беру жұмыстарын ұйымдастыру туралы мұғалімдерге жеке кеңестер беру;			

Оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты сынып сағаттарының тақырыптарын анықтауға көмек көрсету		Әлеуметтік мұғалім Психолог кітапханашы	
Оқушылармен жұмыс			
Кәсіптік білім мекемелерінде мектеп бітіруші түлектердің оқуын жалғастыруы	қыркүйек	Әлеуметтік педагог	Талдау анықтамасы
«Кәсіби өзін тану және кәсіби қалыптасу» курсы (Мамандық таңдау).	жыл бойы	Психолог	Анықтама
Кітапханада «Мен мамандықты таңдаймын» стендін ақпараттық материалдармен толықтыру.	ай сайын	Әлеуметтік педагог	анықтама
«Сенім жәшігі» кәсіп таңдаудағы сұрақтар.	жыл бойы	Педагог-психолог	Кеңес беру жұмыстары
Техникалық бағыт бойынша қосымша білім беру бөлімдерімен жұмыстар ұйымдастыру,	қыркүйек	Технология пәнінің мұғалімі	Суретті есеп және іс-шаралар қорытындысы
Кәсіптік бағдар беру апталығы 5-11 сыныптар	ақпан	Сынып жетекшілері	Іс-шаралар
«Менің болашақ мамандығым» сурет сайыс (5-7 сыныптар)	қазан	Бейнелеу өнер пәнінің мұғалімдері	Талдау анықтамасы
Кім боламын? пікірлесу	қараша	ДТЖО	ақпарат
«Не? Қайда? Қашан?» атты мамандық туралы викторина (5-8 сыныптар)	қараша	Сынып жетекшілері	Хаттамалар
«Мамандыққа саяхат». Мамандық әлемімен таныстыру. Ойын (6-7 сыныптар)	желтоқсан	Технология пәнінің мұғалімі	Фото есеп
Жобалар қорғау. «Технология» бағдарлама аясында	қаңтар	Сынып жетекші	
Оқу орындарына, аймақтық кәсіпорындарға экскурсиялар	ақпан	психолог	Талдау

ұйымдастыру (8-11 сыныптар)			анықтамасы
Сынып сағаттарын өткізу «Мансапқа жетуді жоспарлауда өзін тәрбиелеудің ролі	жыл бойы		
7-8 сыныптарда алдын ала бағыт беру аясында диагностика өткізу	наурыз	Әлеуметтік мұғалім психолог	Хаттама
«Менің арманымдағы мамандық» (7-9) эссе	сәуір		
Жоғары оқу орындары мен колледждердегі ашық есік күніне қатысу.	сәуір	Сынып жетекші, әлеуметтік мұғалім	жоспар
Болашақ мамандықты таңдадыңыз ба?	наурыз	Әлеуметтік мұғалім Мектеп педагог- психологтары сынып жетекшілер	Хаттама
Жоғары оқу орындары мен колледждердегі ашық есік күніне қатысу	сәуір, мамыр		
9 сыныптардан кезеңдік сауалнама алу	жыл бойы		
Ата-аналарға, оқушыларға жеке кеңестер беру			
Ата-аналармен жұмыс			
Оқу жоспарымен танысу	қыркүйек	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	Хаттама
Жалпы мектепшілік жиналысы	қазан		

тақырыптары			
<ul style="list-style-type: none"> «Мамандықты дұрыс таңдау. Аймақтық нарықтық еңбек» (8-9 сыныптар) 	наурыз	Әлеуметтік педагог	
<ul style="list-style-type: none"> «Топтарды кәсіптік бағдар беру алдындағы дайындықты оқытуды ұйымдастыру» (7-9 сыныптар) 	қазан	Сынып жетекшілер	
<ul style="list-style-type: none"> «Топтағы оқыту жұмыстарын ұйымдастыру» 	желтоқсан	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Әлеуметтік педагог	
<ul style="list-style-type: none"> «Жоғары оқу орындарына түсу шарттары» (11 сынып) 	жыл бойы		
Мамандық таңдау бойынша жеке кеңестер			

“Мамандық таңдау бойынша ата-аналарға арналған жадынама”

- 1.**Балаңыздың болашақ мамандығын өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз.
- 2.**Оның таңдаған мамандығына деген қарсылық пен қолдауды бірге отырып талқылаңыз.
- 3.**Мамандық таңдар кезінде тек материалдық пайданы ғана ойламай, балаңыздың рухани қанағаттанудың да естен шығармаңыз.
- 4.**Болашақ мамандық таңдар кезде балаңыздың сол кәсіпке деген жарамдылығын да байқаңыз.
- 5.**Егер мамандық таңдау барысында қарама-қайшылық туындап жатса, кеңесші мамандармен ақылдасыңыз.
- 6.**Мамандық таңдауда балаңызды қыспалай бермеңіз, әйтпесе бұл жанжалға әкеп соқтыруы мүмкін.
- 7.**Балаңыздың арманы орындалу үшін оған барынша қолдау көрсетуге тырысыңыз.
- 8.**Егер балаңыз мамандық таңдауда қателескен болса, ол үшін кінәламаңыз, оны жөндеуге болады.
- 9.**Егер балаңыз қандай да бір мамандыққа ертеден әуестене бастаса оған үйірмелер, әдебиеттер әр түрлі сабақтардың көмегімен осы қызығушылығын сақтауға мүмкіншілік беріңіз.
- 10.**Балалар өз ата-аналарының мамандығына қатысты маман таңдауы да мүмкін екенін есіңізге алыңыз.

Өз болашағыңды анықтауда мынадай ережелерді ұстан:

- 1.**Алдағы өмірлік жоспарың қандай болмасын, шетел тілін үйреніп, компьютерде жұмыс істеуді игергенің аса пайдалы. Бұларды кез-келген мамандықта қажетті болары сөзсіз!
- 2.**Мамандық таңдауға байланысты сені, сенің қалаған мамандығыңды толық білмейтін адамдардың ақыл-кеңесіне құлақ салудың қажеті шамалы.
- 3.**Мамандық таңдауда оның сырт келбетіне, көңілге қонымды жақтарына ғана назар аударудың қажеті жоқ, мүмкіндігінше қалаған мамандығыңның жұмыс мазмұны жөнінде көбірек білуге тырыс.
- 4.**Егер мамандық сенің досыңа ұнаса, саған да ұнайды деген қорытынды жасауға болмайды.
- 5.**Саған қолыңнан келетін істі мамандық етіп таңдаған пайдалырақ болмақ. Әйтсе де бұл сөз қарапайым естілгенімен, көбінесе назардан тыс қалып жатады.
- 6.**“Жақсы адам”- бұл мамандық емес. Егер саған адам ұнаса, оның меңгерген мамандығын мен де таңдауым керек деп жаңсақ қорытынды жасауға болмайды.
- 7.**Сән қуып, мамандық таңдаудың қажеті жоқ. Сен оқуыңды тәмамдап, жұмыс істегенше, ол мамандық сәннен шығып қалуы да мүмкін.
- 8.**Мүмкіндігінше өзің таңдаған мамандықтың өзіңнің денсаулық жағдайыңа тура келетін-келмейтіндігі жөнінде дәрігерден кеңес алғаның жөн.
- 9.**Заманауи ағымға қарай кейбір мамандықтар тез ескіріп, оның орнын жаңа мамандықтар басып жатыр. Сондықтан кез-келген жағдайда қосалқы таңдаған мамандығың болуы қажет.
- 10.**Өзің таңдаған мамандығыңның мазмұны, қызықты қырлары, жұмыс тәртібі мен жағдайы, кәсіби өсу мүмкіндігі туралы сұраққа жауап бере алмағанда ғана сенің мамандық таңдаудағы ой-ниетің салмақтана түспек.
- 11.**Өзіңмен алдын-ала психологиялық жұмыс жүргізбей-ақ, нық қадам жасай беруге болатын бірде-бір мамандықтың жоқ екендігін есіңде сақта!

11 сыныпқа сауалнама

1. Қандай мамандық сені көп қызықтырады.Неге?
2. Бұл мамандықтың басқадан айырмашылығы?
3. Сенің таңдаған мамандығың бойынша жұмыс жасаған таныс адамдар бар ма, олар кімдер?
4. Бұл мамандықтағы адамдардың міндеттері қандай?
5. Таңдаған мамандығың бойынша жемісін көрдің бе?
6. Бұл мамандықты алған күнде қандай қиыншылықтарға кездесем деп ойлайсың?
7. Бұл мамандықты меңгеру үшін не істейсің?
8. Ата-аналарың қандай мамандық таңдауларыңа кеңес береді?

11 сыныпқа сауалнама

1. Қандай мамандық сені көп қызықтырады.Неге?
2. Бұл мамандықтың басқадан айырмашылығы?
3. Сенің таңдаған мамандығың бойынша жұмыс жасаған таныс адамдар бар ма, олар кімдер?
4. Бұл мамандықтағы адамдардың міндеттері қандай?
5. Таңдаған мамандығың бойынша жемісін көрдің бе?
6. Бұл мамандықты алған күнде қандай қиыншылықтарға кездесем деп ойлайсың?
7. Бұл мамандықты меңгеру үшін не істейсің?
8. Ата-аналарың қандай мамандық таңдауларыңа кеңес береді?

11 сыныпқа сауалнама

1. Қандай мамандық сені көп қызықтырады.Неге?
2. Бұл мамандықтың басқадан айырмашылығы?
3. Сенің таңдаған мамандығың бойынша жұмыс жасаған таныс адамдар бар ма, олар кімдер?
4. Бұл мамандықтағы адамдардың міндеттері қандай?
5. Таңдаған мамандығың бойынша жемісін көрдің бе?
6. Бұл мамандықты алған күнде қандай қиыншылықтарға кездесем деп ойлайсың?
7. Бұл мамандықты меңгеру үшін не істейсің?
8. Ата-аналарың қандай мамандық таңдауларыңа кеңес береді?

Ата - анаға арналған сауалнама

1. Балаңыздың аты - жөні.....
2. Балаңыз мектепке ынтамен келе ме?.....
3. Мектеп режиміне қалыптасты ма? Жаңа күн тәртібін қабылдай ма?
 - әзірге жоқ
 - жоқ
 - иә
 - жауап беруге қиналамын
4. Өзінің сабақтағы жетістіктеріне қуанып, сәтсіздіктеріне қинала ма?
 - жоқ
 - иә
 - сөзсіз қиналады
 - жауап беруге қиналамын
5. Балаңыз сізбен мектептегі әсері жайлы өз ойын жиі бөлісе ме?
 - әзірге жоқ
 - кейде бөліседі
 - әрдайым бөліседі
 - өте жиі бөліседі
6. Алған әсері қандай?
 - негізінен эмоциясы жағымды
 - әр түрлі, бірақ жағымсызы көп
 - жағымсыз және жағымды әсері бірдей
 - негізінен жағымсыз әсер
7. Балаңыз күнделікті сабақ оқуға қанша уақыт жұмсайды?
 - анық көрсетіңіз.....
8. Балаңыз үй тапсырмасын орындауда сіздің көмегіңізді қажет ете ме?
 - әрқашан көмек керек
 - жиі көмектеседі
 - кей кезде көмектесемін
 - көмек қажетсінбейді



Менің мамандығым - менің болашағым
9 "А" "Ә" "Б" сыныптары
Өткізген: Кузбаева Эльмира Букенбаевна





С.Байшев Университеті





Ақтөбе Гуманитарлық колледжі



Қ.Жұбанов колледжі



Семей қаласы Технологиялық колледжі

«Мен мамандықты таңдаймын» стендін ақпараттық материалдармен толықтыру. өткізілген шараның анықтамасы

Мақсаты: мамандық таңдауда жауапкершілікті қалыптастыру, оқушыларға мамандықтың түрлері, олардың адам өміріндегі маңызы туралы түсінік бере отырып, өз бейіміне сәйкес мамандық таңдай білуіне ықпал жасау, кәсіби бағдар беру, мамандық әлемінен ақпараттар алу, қазіргі заманның тапшы мамандықтарын көрсетіп, сол бағытқа қарай бағыттау, өз пікірін еркін айтып, өзгенің пікірін сыйлай білуге, жүйелі ойлауға баулу, оқушыларды терең білім алу жолында үздіксіз еңбектенуде еңбекқорлыққа тәрбиелеу.

Әр адам ерте ме, кеш пе өз өмірінде «Қандай мамандық иесі боламын?» деген сұраққа жауап іздейді. Мамандық таңдау – өте жауапты іс. Өйткені, таңдаған мамандығың ертеңгі сенің өмірің, болашағың, қоғамның болашағы, еліміздің ертені.

Мектепбіміздің кітапханасында «Мен мамандықты таңдаймын» тақырыбында ақпараттық стенді түрлі мамандықтар туралы материалдарымен толықтырылды. Оқушылар өздеріне қажетті мамандық туралы ақпарат ала білді.

Кәсіби бағдар жектекшісі: Кузбаева Э.Б.

«Кім боламын?» тақырыбында өткізілген пікірлесу сағатының қорытындысы

№38 казак орта мектебінде караша айының 20 күні 7-8 сынып оқушылары арасында «Кім болам?» тақырыбында пікірлесу сағаты өткізілді. Бұл пікірлесу сағатын кәсіби бағдар жетекшісі Э.Б.Кузбаева жүргізді. Пікірлесу сағаты кезінде оқушыларға «кім болғанды қалайсың?» деген сауал тастап, әр оқушының өз ойын яғни дәрігер, мұғалім, суретші, теміржолшы т.б мамандық несі болатынын білді.

Сондай-ақ, оқушылар осы мамандық иелері қазіргі таңда қаншалықты қажет деген сауалға өз ойларын ашық жеткізе білді. Яғни осы жерде заман ағымына қарай мамандықтар әлемі де өзгеріп отыратыны жайлы түсінік беріліп өтті.

Сондықтан да әрбір оқушы ең әуелі өз жеке басының ерекшеліктерін танып, өзінің жүрегіне үңілу арқылы бойындағы бейімділігін байқап содан кейін ғана ұнататын мамандықтардың арасынан біреуін таңдау қажет екенін айта келе, өзінің таңдаған мамандығының болашақ болмысы туралы терең зерттеп білгені және өз қалауы бойынша ой таразысына салып 2-3 мамандықты салыстырып көру керек екеніне тоқталды.

Отырыс соңына қарай оқушылар ақпарат ала отырып, оның келешекте алар орны, тигізер пайдасы жайында өзара ой бөлісті.

Кәсіби бағдар жетекшісі: Э.Б.Кузбаева.

Кәсіби бағдар беру бойынша өткізілген отырыстың

№ хаттамасы

Күні: 15.11.

Қатысушылар:

Күн тәртібіндегі мәселелер:

«Не? Қайда? Қашан?» атты мамандық туралы викторина (5-8 сыныптар)

Тыңдалды:


Күн тәртібіндегі мәселе бойынша таныстырылып өтті.

-Кей жастарымыз өз тағдарын өзіне емес ата-анасына жүктеп жауапкершіліктен жалтарғаны былай тұрсын «ата-анамның қалауы бойынша осы мамандықты таңдап едім, сөйтсем ...» — дейді, ал кейбірі «грантка түсу үшін» — деген өз ойларын бүкпесіз жеткізуде. Қазақ менталитетінде «Адам баласы өз баласына еш уақытта жамандық ойламайды», — деген қағиданы берік ұстанамыз да, ата-аналар көп жағдайда өз баламыздың жүрек қалауын тыңдамай, ойы мен қабілеттерін ескермей, нәтижесінде балаларымызға опық жегізіп жатамыз. Сол себепті де мамандықты таңдауда ықпал ететін отбасы мен мектептегі ұстаздары болғандықтан, өздерінің ақыл-кеңесін ортаға салып, оларды дұрыс бағыттаса болғаны, яғни баласының мамандық таңдауына жол беріп, оның пікірін қолдаса, ертеңіміздің жарқын болары хақ. Қоғам дамуының қозғаушы күші – адам десек, қоғамдағы жетістіктер бірінші кезекте адамдардың іс-әрекетінен көрініс береді. Абай атамның «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар қалан» деуі текке айтылмаса керек. Бұл дегеніміз – адам өз мамандығы арқылы өзіне де қоғамға да пайда әкелуі үшін өз мамандығының хас шебері болуға тиіс. Шеберлікті ұштау жаны сол кәсіпті қалаған жанға ғана тән екенін ескеруіміз қажет. Оқушыларға мамандық туралы түрлі сұрақтар қойылды. Өз ойларын еркін жеткізе білді.

Қаулы етеді:

Оқушылардың мамандық таңдауда қателеспейтін қадағалап ата-аналармен үнемі байланыс жасап отыру қадағалансын.

Хатшының аты-жөні, қолы:



Муса Ж.

“Мамандық таңдау бойынша ата-аналарға арналған жадынама”

1. Балаңыздың болашақ мамандығын өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз.
2. Оның таңдаған мамандығына деген қарсылық пен қолдауды бірге отырып талқылаңыз.
3. Мамандық таңдар кезінде тек материалдық пайданы ғана ойламай, балаңыздың рухани қанағаттанудың да естен шығармаңыз.
4. Болашақ мамандық таңдар кезде балаңыздың сол кәсіпке деген жарамдылығын да байқаңыз.
5. Егер мамандық таңдау барысында қарама-қайшылық туындап жатса, кеңесші мамандармен ақылдасыңыз.
6. Мамандық таңдауда балаңызды қыспалай берменіз, әйтпесе бұл жанжалға әкеп соқтыруы мүмкін.
7. Балаңыздың арманы орындалу үшін оған барынша қолдау көрсетуге тырысыңыз.
8. Егер балаңыз мамандық таңдауда қателескен болса, ол үшін кінәламаңыз, оны жөндеуге болады.
9. Егер балаңыз қандай да бір мамандыққа ертеден әуестене бастаса оған үйірмелер, әдебиеттер әр түрлі сабақтардың көмегімен осы қызығушылығын сақтауға мүмкіншілік беріңіз.
10. Балалар өз ата-аналарының мамандығына қатысты маман таңдауы да мүмкін екенін есіңізге алыңыз.

Өз болашағыңды анықтауда мынадай ережелерді ұстан:

1. Алдағы өмірлік жоспарың қандай болмасын, шетел тілін үйреніп, компьютерде жұмыс істеуді игергенің аса пайдалы. Бұларды кез-келген мамандықта қажетті болары сөзсіз!
2. Мамандық таңдауға байланысты сені, сенің қалаған мамандығыңды толық білмейтін адамдардың ақыл-кеңесіне құлақ салудың қажеті шамалы.
3. Мамандық таңдауда оның сырт келбетіне, көңілге қонымды жақтарына ғана назар аударудың қажеті жоқ, мүмкіндігінше қалаған мамандығыңның жұмыс мазмұны жөнінде көбірек білуге тырыс.
4. Егер мамандық сенің досыңа ұнаса, саған да ұнайды деген қорытынды жасауға болмайды.
5. Саған қолыңнан келетін істі мамандық етіп таңдаған пайдалырақ болмақ. Әйтсе де бұл сөз қарапайым естілгенімен, көбінесе назардан тыс қалып жатады.
6. “Жақсы адам” - бұл мамандық емес. Егер саған адам ұнаса, оның менгерген мамандығын мен де таңдауым керек деп жансақ қорытынды жасауға болмайды.
7. Сән қуып, мамандық таңдаудың қажеті жоқ. Сен оқуыңды тәмамдап, жұмыс істегенше, ол мамандық сәннен шығып қалуы да мүмкін.
8. Мүмкіндігінше өзің таңдаған мамандықтың өзіңнің денсаулық жағдайыңа тура келетін-келмейтіндігі жөнінде дәрігерден кеңес алғаның жөн.
9. Заманауи ағымға қарай кейбір мамандықтар тез ескіріп, оның орнын жаңа мамандықтар басып жатыр. Сондықтан кез-келген жағдайда қосалқы таңдаған мамандығың болуы қажет.
10. Өзің таңдаған мамандығыңның мазмұны, қызықты қырлары, жұмыс тәртібі мен жағдайы, кәсіби өсу мүмкіндігі туралы сұраққа жауап бере алмағанда ғана сенің мамандық таңдаудағы ой-ниетің салмақтана түспек.
11. Өзіңмен алдын-ала психологиялық жұмыс жүргізбей-ақ, нық қадам жасай беруге болатын бірде-бір мамандықтың жоқ екендігін есінде сақта!

11 сыныпқа сауалнама

1. Қандай мамандық сені көп қызықтырады.Неге?
2. Бұл мамандықтың басқадан айырмашылығы?
3. Сенің таңдаған мамандығың бойынша жұмыс жасаған таныс адамдар бар ма, олар кімдер?
4. Бұл мамандықтағы адамдардың міндеттері қандай?
5. Таңдаған мамандығың бойынша жемісін көрдің бе?
6. Бұл мамандықты алған күнде қандай қиыншылықтарға кездесем деп ойлайсың?
7. Бұл мамандықты меңгеру үшін не істейсің?
8. Ата-аналарың қандай мамандық таңдауларыңа кеңес береді?

11 сыныпқа сауалнама

1. Қандай мамандық сені көп қызықтырады.Неге?
2. Бұл мамандықтың басқадан айырмашылығы?
3. Сенің таңдаған мамандығың бойынша жұмыс жасаған таныс адамдар бар ма, олар кімдер?
4. Бұл мамандықтағы адамдардың міндеттері қандай?
5. Таңдаған мамандығың бойынша жемісін көрдің бе?
6. Бұл мамандықты алған күнде қандай қиыншылықтарға кездесем деп ойлайсың?
7. Бұл мамандықты меңгеру үшін не істейсің?
8. Ата-аналарың қандай мамандық таңдауларыңа кеңес береді?

11 сыныпқа сауалнама

1. Қандай мамандық сені көп қызықтырады.Неге?
2. Бұл мамандықтың басқадан айырмашылығы?
3. Сенің таңдаған мамандығың бойынша жұмыс жасаған таныс адамдар бар ма, олар кімдер?
4. Бұл мамандықтағы адамдардың міндеттері қандай?
5. Таңдаған мамандығың бойынша жемісін көрдің бе?
6. Бұл мамандықты алған күнде қандай қиыншылықтарға кездесем деп ойлайсың?
7. Бұл мамандықты меңгеру үшін не істейсің?
8. Ата-аналарың қандай мамандық таңдауларыңа кеңес береді?

9 сыныпқа сауалнама

1. Өзіңіздің болашақ мамандығыңызды таңдадыңыз ба?
А) иә
Б) жоқ
2. таңдаған мамандығыңызды көрсетіңіз?(қажеттісін астын сызып көрсетіңіз)
(мұғалім, тәрбиеші, дәрігер, есепші, құрлысшы, механик, програмист, менеджер, экономист, заңгер)
3. Мамандығыңызды әлі таңдамасаңыз, онда қандай мамандық ұнайды?
4. 9 сыныптан кейінгі сіздің жоспарыңыз?
А) 10 сыныпта оқу;
Б) колледжге оқуға түсу;
В) лицейге оқуға түсу;
Г) жауап беруге қиналамын
5. Өз мамандығыңыз туралы білімнің қайнар көзін көрсет
А) ата-анасының мамандығы
Б) туысқандарының мамандығы
В) сынып жетекшісімен әңгімелесу
Г) орта қоғамнан алатын ақпарат
Д) колледж және лицей жұмыскерлерімен кәсіптік бағдар жұмысын мектептен тыс уақытта жүргізу
Е) таңдаған мамандықты өз біліміммен қол жеткіземін
Ж) ата-анамның кеңесімен
6. жоғары сыныптарда қандай бағытта біліміңізді жалғастырасыз?
(мектепте білімін жалғастыратындар үшін)
А) общественно-гуманитарлық
Б) естественно-математикалық
- 7.Неге сіз осы бағыттағы білімді таңдадыңыз?
А) Болашақ мамандығыма байланысты болған соң
Б) Жауап беру қиын
8. Өзіңізді болашақ мамандығыңызға дайындайсыз ба?
А) Бұған мүмкіндікті көріп тұрған жоқпын
Б) Бірдеңе істегім келеді, бірақ неден бастарымды білмеймін
В) Ұқыпы дайындаламын
Г) иә, болашақ мамандығыма дайындаламын
9. кәсіби бағдар жұмысы бойынша қандай колледж және лицей өкілдері сіздің мектепте болды?

**Кәсіби бағдар беру бойынша өткізілген отырысының
№ хаттамасы**

Күні: 14.09

Қатысушылар:

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Мұғалімдерді кәсіптік бағыт-бағдар берудегі нұсқау, бұйрық, шешімдермен таныстыру

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша кәсіби бағдар жетекшісі Э.Б.Кузбаева сөз алды. Оқушыларды еңбекке баулу және мамандықтарын дұрыс таңдауға бағыт беру маңызды істердің бірі. Саналы түрде таңдалған мамандық жеке тұлғаның болашақ өміріне әсер етеді. Болашақтағы кәсіби мақсатына дұрыс бағыт алған оқушы бойындағы қарым қабілетін шығармашылықпен дамыта білсе сапалы маман ретінде қалыптасатыны белгілі.

Сол себепті қазіргі таңда түлектерге кәсіби бағдар ұсынып, кеңес айту үлкен маңызға ие. Кәсіби бағдар беру – шешімі табылуға тиісті өте күрделі кешенді мәселе. Өзінің әдістемесі және мазмұны жағынан оның психологиялық, педагогикалық, физиологиялық және әрекеттік аумағы жағынан әлеуметтік сипаты болады. Нәтижесі қоғамның экономикалық өміріне әсер етеді. Сонымен қатар, кәсіби бағдар беру қоғамның жұмыс күшін қайта өндірудің маңызды құралы саналады. Білім саласындағы кәсіби бағыттың ауқымы кең және алуан түрлі. Бұл істің жүргізілуі кадрлар даярлауды жоспарлаумен, білім беру жүйесін одан әрі жетілдірумен тығыз байланысты екендігі сөзсіз. Қазіргі заман талабына сай мамандықтарды игерген жастарға сұраныс өте жоғары. Нарықтағы бәсекелестік күн өткен сайын артып келеді. Бүгінгі заман талабы кәсіптік білім беру саласында адамның табиғи ерекшеліктеріне сәйкес мыңдаған мамандықтар мен кәсіптерге дайындау – кезек күттірмейтін талаптардың бірі. Мектебімізде оқу жылының басталуына орай оқушыларға Кәсіби бағдар беру жұмысы қолға алынып жылдық жоспар жасақталды.

Қаулы етеді:

1. Оқушыларға Кәсіби бағдар беру жоспары құрылып, жүзеге асырылсын және тоқсан сайын атқарылған жұмыстардың есебі берілсін.

Хатшының аты-жөні, қолы:



Муса Ж.